

- 3) $-x^2 + 4x + 2$;
 4) $-3x^2 + 6x + 2$.

Список литературы:

1. Колягин Ю.М. Задачи в обучении математике. Часть I. Математические задачи как средство обучения и развития учащихся. - М., Просвещение, 1977. - 113 с.
2. Саранцев Г.И. Упражнения в обучении математике: учебное пособие - М.: Просвещение, 1995. - 240 с.
3. Эсаулов, А. Ф. Психология решения задач. – М. :Высш. шк.,1972. – 216 с
4. Эрдниев П.М., Эрдниев Б.П. Укрупнение дидактических единиц в обучении математике. — М.: Просвещение, 1986. — 255 с.: ил.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ЛЕКСИКА - ГРАММАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Нұрғали Алмагүл Тайшығарақызы,
 Абеугали Акбота Бакытжановна
 Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері

Аннотация

Ғылыми жұмыстың өзектілігі. ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің абыройын асырып, мәртебесін биіктеткен ұлы жазушы, ағартушы, педагог Ыбырай Алтынсариннің әңгімелерінің қазақ әдебиеті тарихындағы орны ерекше. Оның 1925 жылы жарық көрген алғашқы әңгімесінен бастап, кейінгі шығармаларының бәрінің де жастарға моральдық-эстетикалық тәрбие берумен бірге, олардың білім-ғылымды жете меңгеріп, сол арқылы күрмеуі күрделі тірліктің қыр-сырын танып, халқына пайдалы азамат болып өсуіне қызмет етуге арналуы соның айғағы.

Жұмыстың мақсаты мен міндеті. Ыбырай Алтынсарин әңгімелерінің лексикалық-грамматикалық ерекшелігін анықтау – жұмыстың басты мақсаты. Осы мақсатқа жету үшін мынандай міндеттер туындайды:

Қаламгер әңгімелерінің тілдік құралдары - көнерген сөздер, диалект сөздер, синоним сөздер мен антонимдік қатарлардың қолданылу ерекшеліктерін анықтау.

Сан қилы көріктеуші тәсілдерді қолдану аясында кейіпкердің тілдік тұлғасын анықтау.

Ы.Алтынсарин әңгімелерінің қазақ әдеби тіліне тигізген әсерін анықтап, көркемдік ерекшелігін талдау.

Жазушы әңгімелерінің сөз байлығын бағдарлап, оның лексикалық-грамматикалық ерекшеліктерін бағамдау.

Аннотация

Актуальность научной работы. Особое место в истории казахской литературы занимает великий писатель и педагог девятнадцатого века Ыбырай Алтынсарин. Его первый рассказ, который был опубликован в 1925 году, работает со всем морально-эстетическим воспитанием молодежи, их образование и знание науки, с помощью которых по сей день служат в качестве доказательства роста людей.

Цель и задачи научной работы. Это определение лексических и грамматических особенностей рассказов Ыбырай Алтынсарина. Для достижения этой цели возникают следующие проблемы. В лингвистические инструменты писателя в рассказах включает - обнаружение архаичных слов, диалектов, синонимов и антонимов. Определение языковой личности персонажа в применении художественных подходов.

Анализ художественной специфики историй Ы. Алтынсарина на казахском литературном языке. В рассказах Ы.Алтынсарина богатый словарный запас, лексика рассказов писателя оценивается их лексические и грамматические особенности.

Abstract

The relevance of scientific work. A great place in the history of Kazakh literature is occupied by the great writer and teacher of the XIXth century Ybyray Altynsarin. His first story, which was published in 1925, works with all the moral and aesthetic education of the youth, their education and knowledge of science, through which they still serve as evidence of the growth of people.

The purpose and objectives of scientific work. This definition of the lexical and grammatical features of the stories of Ybyray Altynsarin. To achieve this goal, the following problems occur: In the linguistic tools of the writer in the stories include - the discovery of archaic words, dialects, synonyms and antonyms.

The definition of the language personality of the character in the application of artistic approaches. Analysis of the artistic specifics of the stories of Ybyray Altynsarina in the Kazakh literary language. In the stories of Y. Altynsarin, had a rich vocabulary, the vocabulary of the writer's stories is assessed by their lexical and grammatical features.

ЫБЫРАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Қазақтың халықтық тілін жете меңгерген Ыбырай оның сөздік қорын, жалпы лексикалық байлығын өз шығармаларында орынды пайдаланған. Ыбырай қарапайым сөйлеу тілінің элементтерін эстетикалық әсері күшті, көркемдік сапасы жоғары поэтикалық тілге, әсерлеп, бейнелеп сөйлеу дәрежесіне көтерген. Әрине, бұл алғашқы жазба әдебиетіміздің пайда бола бастаған күні мен қазіргі нормаланған әдеби тіліміздің дәрежесімен салыстырмалы түрде түсінген дұрыс.

Бұл осыдан бұрын Ыбырайдың қазақ тілі лексикасының байлығын неше түрлі көркемдеу тәсілі ретінде іске асырғанын, яғни көркемдеу құралы екенін көрдік. Енді Ыбырай шығармаларының енді лексикалық қабаттарын қарастырамын [1, 12 б.].

Өткен ғасырдағы қазақ тілінің күйін, оның құрамын білу үшін бізге Ыбырай шығармаларының сөздік құрамын талдап білудің маңызы зор. Біз бірінші тарауда «кітаби тілге» Ыбырай қалай қарады, өз шығармаларында пайдаланады ма, жоқ па? Пайдаланса, қандай дәрежеде пайдаланды? Деген сұрақтарға жауап берді. Ал араб-парсы, орыс, т.б тілдегі сөздерді Ыбырай қаншалықты қолданды? Оның шығармаларындағы архаизм, неологизм сөздердің қоданылу дәрежесі қандай, жергілікті тіл ерекшелігі Ыбырайда бар ма, бар болса, қандай мақсаттарда пайдаға асырған деген мәселелерге тоқтала отырып талдауды жөн деп таптым. Сол сияқты біз оны жай ғана классификациялап қоймай, олардың стильдік қолданыстарының бетін ашып отыруға да көңіл бөлеміз.

Сөйтіп, біз Ыбырай шығармаларының лексикасына жоғарыдағыдай талдау жасау арқылы тек Ыбырайдың туындыларына тән сөздік байлықпен танысып қоймай, оның заманына, өмір сүрген ортасына, яғни XIX ғасырдың екінші жартысындағы жазба әдеби тілдің жайымен, лексикалық сөз байлығымен, оның құрамымен танысамыз.

Ыбырай шығармаларының лексикалық құрамын қарап отырсақ, сол бір шағатаизммен тіліміздің шұбарланған кезінің өзінде оның шет тіл элементтерін өте аз қолданғанын және оларды еш уақытта орынсыз жұмсағанын көреміз.

Ыбырай тілінде жергілікті ерекшеліктер кездесе ме? Фонетикалық ерекшеліктер жоқ емес. Мысалы, еріндік у-дың орнына езулік-ы дыбысының қолданылуы (сандуғаш-сандығаш). Дауыссыз дыбыстардан ш/с, п/б, т/д дыбыстарының алмасып қолданылуы. Аздаған лексикалық ерекшеліктер кездесіп қалып отырады. Жазушының еңбектерінде мұндай аздаған өзгешіліктердің кездесіп қалуы заңды да. Жергілікті сөйлеу тілінде әбден сіңісіп кеткен бұндай фонетикалық өзгешіліктер Ыбырайдың қаламына ілініп кетуі шығармасын халық тіліне икемдеу үшін не болмаса білі тұрып стильдік мақсатта әдейі қолдануы да мүмкін. Міне, осылар жөнінде сөз етеміз. [2, 61б.].

Қай тілдің болмасын сөздік құрасы қоғамның, өндірістің, мәдениеттің, ғылымның дамуына байланысты жаңа сөздерді бойына сіңіреді, байиды. Оған, керісінше, қоғамның өзгеруіне, халықтың тұрмыс жағдайына, өндірістік дамудың жаңа бет бұрысына, ғылыми терминдердің өзгеріне байланысты кейбір сөздердің қажеті азайып, бірте-бірте ұмытылып, сөздік құрамнан шығады немесе өте сирек қолданылатын болады. Тіліміздің бұндай сөздік құрамынан шығып қалған, шықпаған күнде де күнделікті өмірде қажеті аз элементтер тіл білімінде көнерген сөздер деген ұғымға ие болып жүр. Әңгіме Алтынсаринның көнерген сөздерді қолдануы туралы болмақ.

Өйткені өткен өмір, тарихи тұрмысты білу үшін ескі ұғымды білдіретін сөздерді әңгіме етудің ғылымдық әрі практикалық мәні бар.

Ыбырай қоғамдық тіршілік пен өмір құбылыстарын таразыға тартып, олардың жас буын білім, нәр алар деген, тәлім-тәрбие, ғибрат берерлік жайларын шеберлік көрігінен өткізіп, бейнелеген жазбаша көркем шығарма ұсынды дедік. Онда, негізінен, қазақ тұрмысы суреттелді. Сондықтан да біз Ыбырай шығармаларын, оның тіл өрнегін өткен өміріміздің куәсі ретінде қабылдаймыз. Оның сөз өрнегі сол тұстағы тұрмысты айқындай түседі. Сондықтан Ыбырай шығармаларын тарихи мұра ретінде бағалаймыз. Бұл ретте Алтынсаринның хрестоматиялық материалдарымен қатар, басқа да еңбек, мақалаларын ескердік.

Қазір кемелденген жазба әдебиетіміздің, атап айтқанда, педагогикалық мұралардың, публицистика, поэзия, проза жанрларының алғашқы үлгісі Ыбырай қаламынан туған еді. Олай болса, Ыбырай шығармаларының тілі – көне тұрмыс куәсі.

Ыбырай шығармаларында кездесетін көнерген сөздерді бірнеше салаға бөліп қарауға болады.

Халықтың тұрмыс жағдайларына байланысты.

Шанаш – ешкі терісінен істелген ас құятын ыдыс. Мысалы, Қыз тұрып шанаштан бір уыс тұз алып, бір аяқшаға салып, Жиреншенің алдына қойды. Қазір бұл сөз ауыс мағынасында болмаса, тіке өз мағынасында жұмсалмайды [3, 62б.].

Жылу сөз бұрын жәрдем, көмек мағынасында жұмсалатын. Мысалы, Бірнеше тәуір кісілер бір жетім-жесір қалған үй үшін жылу жиямыздеп, әр үйге қыдырып барып жүріп, бір байдың үйіне келсе, бай жұмыскеріне бір кішкентай жіпті жамғырға ұмытып далада қалдырыпсың деп, қатты ұрсып тұр екен. Бұл сөз де қазір қолданылмайды.

Барымта- жаулық, өшпенділік салдарынан екі рулы елдің бір-бірінен мал айдап әкетуі, дүние- мүлкін шауып алып, сіңіріп кетуі. Мысалы, Қыпшақ Сейтқұл отыз үйлі тобырымен жұрттың аттаныс, барымтасы бар уақытта, бұл отыз үйлі кедейді қалайынша етсем байытып, халық қатарына қосамын деп ойға қалды. Тағы бір жерде: «... барымтамен мал алсам бір күндерде жау да бізден қуып алады, ақырында бұрынғылардың айтып кетуінше, жортуыл басы жолда қалса керек. Осы сөздің екі рулы елдің жауласуымен бірге ұрлық-қарлық деген қосымша мағынасы да бар сияқты. Мысалы, Сейтқұлдың бір ағасы бар еді, жол жүріп, ұрлық барымтаны әдет еткен. Соған қарағанда, аз да болса мағыналық айырмашылықтары бар осы екі түсінік сол XIX ғасырдың екінші жартысына тән лексика болуы керек [6, 24б].

Жамағат - «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»- халық, көпшілік деген мағынадағы ескі сөз екені айтылады. Ал Ыбырай оны туыс, жақын- жуық түсінігінде қолданған. Мысалы, ... жамағаттарын Сейтқұл көп жылдар іздетіп, таптырып, қасына алышты-мыс.

Мал шаруашылығына байланысты: Діни ұғым бойынша сиыр малының атасы- Зеңгі баба; түйе атасы- Ойсыл қара:

Қорлама кем адамды болсаң дана,

Қарыпты құдай сүйсе неді шара?!

Ер болған сиыр бағып Зеңгі баба,

Бір болды түйешіден Ойсыл қара.

Ыбырай творчествосында әдет-ғұрып ерекшеліктеріне, салт-санаға байланысты көнерген сөздер де бар. Бұл жерде айта кететін бір жайт- Ыбырай шығармаларындағы көнерген сөздерді зерттеуде «Қазақ хрестоматиясы» (1879) мен «Орынбор ведомствосы» қазақтарының қыз ұзатып, құда түсу әдеттерінен очерк» (1870) деген еңбектерін пайдаландық Ыбырайдың соңғы аталған еңбегі- ескі әдет-ғұрыпты таныстыратын тарихи документ. Бұл еңбек негізінде орысша жазылған да, ұлттық ұғымды білдіретін кейбір терминдер ғана қазақша берілген. Төменде осы қызықты

материалдан қазақтың әдет-ғұрпына байланысты сөздер келтіріп, Ыбырайдың орысша берген түсініктемесін сол күйінде беруге тырыстым [7, 306].

Жесір сөзінің сол кездегі мағынасы қазіргіден басқашарак. Бұрынғы кезде әйелі өлген еркек те жесір деп аталған. Тағы да бір қызығы, ол еркек жесірлігі үшін екінші үйленбекші әйелінің (қалыңдығының) шешесіне белгілі мөлшерде ақашалай айып төлейтін болған.

Үйсынық- егер жесір еркек тұрмысқа шықпаған қызға құда түссе, туыстары оны кемсініп үйсынық деп атаған.

Бәйбіше- алғашқы алған әйел.

Тоқал- бәйбішеден кейінгі әйел.

Қалың мал- күйеудің әке-шешесінің қалыңдықтың үйіне сыйлық ретінде беретін 47 ат.

Бас жақсы- күйеуден қалыңдыққа бас киім дайындауға беретін сыйлық (сол кездегі ақшамен 500,600 сом).

Ілу - құда түскеннен соң екі-үш жылдан күйеудің қалыңдықтың туыстарына әкелетін бағалы сыйлығы.

Ұрын келу- күйеудің қалыңдықтың үйіне алғаш келуі.

Тәжім- күйеудің екі қолын төмен түсіріп, иіліп сәлем беруі [9, 406]

ЫБЫРАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тіл тарихын зерттеушілер үшін аса қымбат қазынаның бірі- ескі өмірден хабардар ететін, сол дәуірдің куәсы боларлық жазба нұсқалар. Өткен ғасырдың екінші жартысындағы қазақ тілінің қалпын байқататын, сол тұстағы жазба әдебиеттің бейнесін көз алдымызға елестетін документтің бірі-Ыбырай шығармалары.

Ыбырай қолданған кейбір формаларға грамматикалық сипаттама бермес бұрын ол қолданған орфографияны, оның кейбір принциптерін анықтаған жөн.

Ыбырай қазақ тілінің табиғи тұрғысын сақтау жолында үлкен жаңалық ашты, қазақ жазуы емлесінің алғаш іргесін қалап берді. XIX ғасырдың екінші жартысындағы жазба әдебиеттің басы болып саналатын өзінің «Қазақ хрестоматиясын» орыс алфавитімен бастырып шығарды. Оған дейінгі жазба әдебиет, тіпті сол тұстағы, одан кейінгі қазақ тілінде шығып тұрған «Түркістан уалаяты газеті» (1870-1882), «Дала уалаяты газеті» (1880-1902), «Айқап» (1911-1915) сияқты газет-журналдардың араб алфавитін пайдаланғаны баршаға мәлім. Оны қолданғанда қазақ сөздерінің жазылу, оқылу заңдылықтары бұзылды. Мысалы, ат сөзін ет деп те, ит деп те оқи беретін болдық. Түбірдің жуан-жіңішкелігіне қарамастан жалғаудың бір түрі жалғанатын болды. Мысалы, итлар, атлар, китаблар т.б. Араб алфавитінің әсерімен ауызекі тілде, баспа материалдарында қазақтарға түсініксіз араб-парсы сөздері де көбейді. Орыс тілінен енген сөздерді дұрыс жазы мәселесі де көбіне шешімін таба алмады.

«Орыс алфавитін қолданғанда ғана қазақ тілі өзіне орынсыз енген араб, татар сөздерінен құтылады. Орыс алфавитін қолданғанда ғана қазақ сөздері дұрыс жазылатын болатын»,- деген Ыбырай жоғарыдағы айтылған келіссіз жайттардан орыс алфавитін қолдану арқылы құтылады. Бұдан 100 жылға жуық бұрын жазылған Ыбырай еңбектеріндегі жалпы халықтық сөздердің жазылуының бүгінгі тіліміздегі сөздердің жазылуынан айырмасы жоқ деуге болады. Бар айырма мынада: ол қазір қазіргі қолданылып жүрген кейбір- ұ, ү, і, ө, қ, һ, ы, ғ сияқты ол кезде әлі таңбалануы белгісіз қазақтың өзіндік төл сөзіне тән дыбыстарды орыстың- у, н, о, к, х, ы, г дыбыстарымен беріп отырған. Мысалы, бул, кун, еки, коп, шоп (кейде шуп), кагаз, калам, кала, аха (еліктеуіш сөз). Мұнда автор ұстаған белгілі бір принцип бар. Мысалы, ол үнемі бірінші буындағы екпін түспейтін і-ні ескермейтін болуға тиіс, әйтеуір әдейі жазбайтыны анық. Ал н дыбысы нг әрпімен берілген (Окыгангыз, балалар, шамнан шырақ жагылар) [8, 196].

Бұрын араб алфавиті бойынша қазіргі я әрпі иа-мен (аиақ, таиақ) таңбаланушы еді, Ыбырай сол кездің өзінде иа-ның орнына орыстың я әрпін пайдаланып, көп сөздің жазылуын ретке, жөнге салды. Мысалы, мал таятын күн, кісі аярлық, аяқ, аяқша, дәрігерлікті қоялы қ деп... алдына келсе, әділдігінді аяма ..., халық шулай қоя берді..., Қару жисаң мылтық жи: жаяу жүрсе жүрсең-таяғың, қарның ашса- тамағың. Әлгі бояу у бояу екен, қара сия. ыбырай жазған сол кездегі сөздердің қазіргі я әрпі арқылы жазылуында ешқандай айырмашылық жоқ. Ол ю әрпінің де қолданысын дұрыс тапқан. Мысалы, араб әрпімен жазғандағы айу Ыбырайда аю қазіргі жазылумен бірдей. Бірақ ол дифтонгоид болып келген дыбыстардың, қосарланып келген әріптердің бәрін өзгерте бермеген. Қазіргі жазылып жүрген айуан түріндегі кездеседі. Мысалы,

Дадандықтың белгісі
Еш ақылға жарымас,
Жайылып жүрген айуандар,
Ақ, қараны танымас.

Бірақ осыларға қарамастан Ыбырай шығармаларындағы жалғау мен жалғаулықтардың жазылуында қазіргімен салыстырғанда, біраз алшақтық бар. Әрине, жазу мәдениеті жаңа ғана басталған орфографиясы әлі бір ізге түспеген кездегі, орыс алфавитін қазақ жазуына тұңғыш пайдаланып отырған Ыбырай шығармаларында мұндай азын-аулақ ерекшеліктер болуы заңды да [9, 40б].

Қорыта келгенде Ыбырай орыс алфавитін қолдану арқылы қазақ сөздерінің дұрыс жазылуын, ана тіліміздің заңдылықтарын сақтап қалуда зор еңбек сіңірді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Хасанова С. Алтынсарин шығармаларының тіл, Алматы, 1980 ж.
2. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ, Алматы, 1993 ж.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, Алматы, 1959 ж, I том
4. Қ.Жұмалиев . Стиль-өнер ерекшелігі, Алматы, 1966 ж.
5. І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев, Қазіргі қазақ тілі, А., 1962 ж ... 205-223-б.
6. М.Балақаев, Е. Жанпейісов, М. Томанов, Б. Манасбаев. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы, 1966 ж
7. Ә. Байжолов, Қостанай облысының Тобыл бойында тұратын қазақтар тіліндегі кейбір ерекшеліктер туралы, жин. Қазақ пен ұйғыр тіл білімі мәселелері, А., 1963, 82-бет.
8. Ж. Досқараев, Кейбір фонетикалық құбылыстар жайында жин. «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері», 5-шығыуы, А., 1963 ж.
9. Р. Сыздықова, Қазақ тіл білімі мәселелері, Алматы, 1959 ж, 111-бет.

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚТЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Нуркина Сауле Тоғайбайқызы
Нурина Алмагүл Кабдулғалиқызы
Аманжолқызы Айдана
Бейсенбаева Гулмира Қантарбаевна
Қостанай қаласы № 19 ОМ
қазақ тілі және әдебиет мұғалімі

Аннотация

Бұл мақаланың өзектілігі. Қазіргі кезеңде Республикасызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуы.

Мақсаты. Педагог мамандардың кәсіби деңгейін ұдайы көтеріп отыру, олардың теориялық білімі мен әдістемелік білігін үздіксіз жетілдіру, оқытудың озық әдіс-тәсілдерімен